
ФИЛОСОФИЯ ЖЭНЕ ДН

Қ.Р.ҚАРАТЫШҚАНОВА

СОПЫЛЫҚ БІЛІМНІҢ ҚАЛЬПТАСУЫНДАҒЫ ЖҮРЕК КӨЗІНІҢ МӘНІ

В статье рассматривается позиция суфийской философии в осмыслении реальностей познания Бытия Творца и человеческого Я, фундаментальных проблем суфийской онтологии.

Makalede tasavvuf felsefesinin yeri ve onun insanın kendisini tanımasındaki rolü tasavvuf problemleri açısından değerlendirilir.

Сопылық тілінде заттар - «алғаш көрінген» түрлер немесе атаулар. Олар мұшахаданың объектілері болғандықтан, ақырат деп аталады. Фараби бойынша, әрбір сезім органы өзіне қатысы бар затқа бағытталады. Көз көру, құлақ есту, мұрын ііс сезу қабілеттеріне ие. Фазали бұл қабілеттерді «ашық нұр» деп атаған. Ибн Араби болса, бұл қабілеттерді «сезімдік-материалдық күштер» деп атаған. Қаласын-қаламасын сопы табиғаттағы заттарды сезім арқылы қабылдайды. Мухасиби бұл заттар әлемін «жаратылыс шен кемел тәртіш» ретінде қабылдаған. Ол бойынша, заттар дүниесі «танылғанда» көрінеді. «Танылғандар» білімін Мухасиби «ашық білім» деп сипаттаған, сыртқы әлемге қабылдаулырын жабық қоймайтынын көрсеткен.

Фазали де осындай шікірде болған. Ол бойынша, заттар әлеміне, «адамның өзіндегі белгілер» немесе «сыртқы әлемдегі белгілер» жатады. Алғашқысы мұшахадамен танылса, екіншісі ақыл дәлелдерімен білінеді. Және де ол бойынша, сыртқы әлем бүкіл заттарымен «ашық нұр» арқылы қабылданады. Ибн Арабиде бұл шікір мейлінше анық. Ол бойынша, бұл заттар «акиқаттар» болып табылады және олар «таухид» дәлелдерімен көрініске ие болған заттар. Мұшахада сезілетін-материалдық заттармен тіке білімге апарытын жолды сипаттайтын. Олай болса, сопылар сезінгендерін сыртқы әлеммен шектемеген. Сезілген заттардың мазмұны сол заттарды сезінген субъективінде түрлі жорамалдары мен қабылдауларына қарай көрініске ие болады. Сопы оларды «көрініс», «сөз», «мағына», «шікірлер» ұғымдарымен қабылдаш жорамалдауда. Сопы бойынша, сезіну мен қабылдау арасында қандай айырмашылық болса, «сөз» бер «мағына» арасында сондай айырмашылық бар. Сопының сезінуді жорамалдауы оның қабылдауы болады. Қабылданған сезіну, ол бойынша, «мағыналандырылған зат». Бұл жерде бір мәселе туындауы мүмкін. Сопы «мағынаны» алғашқы көрініс деп жорамалдайды ма, әлде «мағына» дарытқан алғашқы сезінуді альш тастаң, мағынаның өзін негізге ала ма делінгенде, Ибн Араби сезілген білім «білімге апарар жолдан» басқаны білдіре алмайды деген. Бұл жағдайда сопы заттардың мағыналарын негізге алып, білім феноменін айқындауга тырысса,

Қаратышқанова К. Р. Сонылық білімнің қалыптасуындағы...

алған түсінігінің сезілетін объектіге ме, өлде атауга ма сәйкес келетініне сенімді бола ала ма дегендеге, алдымен соны әр нәрсеге жүрек көзімен қарауды керек делинеді. Ал дәм, иіс, қаттылық, жұмсақтық, дыбыс, т.с.с алғаш сезілетіндер сенсуалистік білімдерге жатады, олар ақиқат білімді бере алмайды.

Фазали абстракцияланудың «іштей көрумен» жасалатынын айтқан. Ибн Араби абстракцияланудың таным арқылы жасалатынын түсіндірген. Ол бойынша, таным рухани құштер саналатын ақыл мен ойлауды жүзеге асырады. Мұхасиби мен Фазали көзқарастары бойынша, сезілген және соңынан мағыналандырылған абстракцияның сезімдік мәліметтерді «ой елегінен» өткізу керек. Саны барлық дерлік қорын заттай объектілерден жинастырады. Сыртқы танымдық мәлімет болмай, өзінде бар бастапқы мәліметтен сана жұмыс істемейді. Эмпирикалық білімнен сананы тазартқанмен, редукцияланған сананың тәжірибесіз болуы мүмкін емес. Ойлау – іштей ойға бату деген сөз. Соны төңірегінде бар, сезілген нәрселерді оймен қорытады. Айналасындағы заттар – «білінген» заттар. Олар сезілген және сезіліп жатқан объектілер. Негізінен, соны сезім арқылы метафизикалық әлем мен оның білімдерімен байланыс құруды бастайды. Сезім мүшелеріндегі сезіну қабілеті - Тәңірдің дарытқан қабілеті. Көздің көру, құлақтың есту, мұрынның иіс сезу, т.с.с. дағдылар субъектіге Тәңір тарарапынан тарту етілген. Фазалидің сезімен айтсақ, бұл дағдылар «ашық нұр» деп аталады. Субъектің сезінің, объектің сезілетінің көрсететін бұл «ашық нұр» заттардан бөлек нәрсе емес. Фазали бойынша, «Тәңір - әрбір нәрсемен бір». Мұхасиби бұл бірлікті «заттарға жүрекпен қарау» деп сипаттаған. Ибн Араби бойынша, «әрекет етушіні» көрумен білім алу аяқталмайды. Өйткені, мушахада тек білімге аппаратын жол [1, 179]. Ибн Арабидің «білімге аппаратын жолы», экзистенциалист М.Хайдеггердің сөзімен айтсақ, адамды болмысқа тәуелді ететін «болмыс бағынан» қалай азат болады? [2, 316]. Ақыл мен ойдың белсенділігімен ғана азат бола алады. Ақыл, танитын нұрдың жәрдемімен өзін қайта табады. Ибн Арабидің сезімен айтқанда, рационалистік сезімге айналады. Ақыл мен оның әрекет бітімі болған ойлау мұқаппафада танылған рухани құштерге айналады. Сонылық білімді мақсат еткен бұл ақыл жүрекпен бүтінделеді, Тәңірдің нұрымен жетіледі. Заттардың сыртқы формалары әр түрлі және қайшылықты болыш келіш, абсолюттің білімге бағышталады. Абсолют Бірді тану және Оның біліміне қол жеткізу үшін бөлшектенген білімге қайта оралудың қажеті жоқ. Өйткені, әрбір нәрседен басқа нәрсені көретін соны «әр нәрсе арқылы Тәңірді көре бастайды». Сенсуалистік көзқарас бойынша, санадағы түсініктер түйсікпен қабылданған заттардан туынрайдайды. Яғни, сыртқы дүниеде жоқ заттардың санамында түсінігі болмайды. Шекіздік, абсолюттік секілді ұғымдардың физикалық әлемде теңін табу мүмкін емес. Рационалистік көзқарас бойынша, ақылдағы негізгі ұғымдар сыртқы әлемнен бастау алмайды. Олар ақылдың негізгі принциптері және ақылда өз-өзінен бар ұғымдар. Шекіздік, шеттілік,

т.с.с. ұғымдар ақылда өздігінен бар бастаулар. Ақыл оларды сырттан алмайды. Сопылық көзқарас бұдан өзгепе. Сыртқы әлемдегі теңі жоқ ұғымдардың қайнар көзі ақыл емес, басқа әлем. Бұл қайнар көз ақылдан өзге және жоғары. Сопы білімді ақылдан өзге әлемнен алады. Адам «мен» дегендеге, бұл ұғымды «эго», «рух» және «тән» ұғымдарымен байланыстырады. Рух, мендік, зат ұғымдары арасында үлкен айырмашылықтар жоқ. Мендік – рухани жаухар. Ол ойлайды, сезеді және тәннен айырмасы бар. Сопылық бойынша, нәпсі адамның болмыс өлшемін бүтіндей сипаттайтын. Өз тұтастығы ішінде табиғи ақиқатқа ие. Ақылды нәпсі деген нәрсе ақылмен де, тәнмен де бірдей. Рух - өлім мен өзгеріске тәуелді материя саналатын тәннен айырмасы бар қарапайым жаухар. Оның әр түрлі білімді қабылдау қабілеті бар, тіпті абстрактілі шілдесінде түсіндіруден де жырақта қала алмайды. Ол – ақылды, өсімдік және хайуани нәпсілердің барлығының басшысы. Сопылар мендікті таным құптерінің жинақталған оргалығы деп санайды. Олардың көзқарасынша, бөлшектенген, бытыраңқы құштер бақылаусыз өздігінен шыққан нәрсе емес. Қазіргі психологиялық көзқарас бойынша, адам мендігінің ықпалдарын бір-бірінен тәуелсіз және жеке болады деген шілдесі дұрыс емес. Мендік – бөлінбейтін зат. Адамда жинақталған күйде болады. Мендік Тәңірді тану үшін барлық құптерін жұмылдырады. «Өзін таныған Раббысын танидыны» басшылыққа алсақ, мендікті тану Раббыдан емес, өзінен басталуы керек. О бастаң мендіктің танылуы адамды жаратқан Тәңір тарарапынан қамтамасыз етілген. Пенде, мұхасаба, мужахада және мурақабасымен бұл білімге қол жеткізуге тырысады. Бұған ол жүректегі ақыл нұрымен жете алады. Тәжірибе арқылы танылған мендік таза мен және это болатыны пайымдалады. Танылған бұл нәрсе это ретінде көрінеді. Ол мистиктің рационалды жолмен емес, тікелей тәжірибе арқылы қол жеткізген тұлғалық мені емес, әлемнің таза эгосы немесе мен. Бұл мәселенің сопылыққа қатысы жоқ.

Кейбір сопылар мен мутасауұфтардың сопылық турасында шілдерін көлтірейік. Харис ибн Асад Мұхасибидің сопылыққа қатысты тұжырымдары: «Адам құстар мен жануарларға билік жүргізу, астрономиялық білімдері арқылы табиғатқа үстемдік орнату сияқты позитивті білімдерді немесе жер қыртыстары мен өткен-кеткен мемлекет басшыларына қатысты тарих білімін құру жұмыстарын өз құзырына алған. Осылайша нәпсінің дүниеге қатысты талаптарын іске асырудан басқасын жасамауда. Алайда оның орындалуы керек нәрсе – діни істерді жүзеге асыруды қамтамасыз ету... Өз нәпсі мен ахлақи халдерін біле тұра өзінен әлдеқайда ұзақтағы нәрселерді білуге ұмтылған мискинде өз табиғаты мен нәпсі мен басым келіп тұрады. Егер ол айналасындағыны білу мен зерттеуге жұмсаған құштің нәпсісін тәрбиелеуге жұмсағанда, олай болмаған болар еді... Нәпсі тән тілектері мен ләzzаттарын қанағаттандыруға бейім тұрады. Оны аш қалдыру арқылы мұны болдырмауға болады. Өйткені, тоқтық бақылау мен басқаруды қүштейтеді, қозу мен тасынудың шығуына себепші болады. Аштық болса, мұң

Қаратыпқанова К. Р. Сонылық білімнің қалыптасуындағы...

және қобалжу тұғызды. Мұң мен қобалжу адамды аштыққа қарсы ұмтылдырады. Соған байланысты, осы екі тәрбие жолы тәнді тұтқындықтан құтқарады».

Ғазали былай деген: «Бұрыннан білгетіндей, ахлақ тақырыбында қалышты жолда болу – нәпсінің саулығы мен дұрыстығының өзі болмақ. Қалышты жолдан таю – ауру мен тозып-бітудің өзі болмақ. Нәпсіні қалышты ұстая – ұятсыздықтар мен ахлақтың бұзылуына қарсы әрекет пен көркем ахлақпен қарулануға төуелді болады. Нәпсіні ахлақи тәрбиелеу мен тақуалық жолда болу кейбіреулерге ауыр келуде. Олардың нәпсілері ол адамдардың кемпіліктері мен күнеларын көрсетуде. Сол себептен, олардың пайымдауынша, ахлақты өзгерту ойға кірмейтін нәрсе» [1, 159].

Жүнәйд Бағдадидің кейбір тұжырымдарын көлтірсек: «Нәпсін дұрыс жолға салғаның белгісі – нәпсі тілектерін орындау, ләzzат алудан бас тарту, көзі мен жүргегін нәпсі әшекейлеріне жұмыш тастау, қайтатын әлемді ойлау, ахиретке азық дайындаумен айналысу» [1, 162].

Мұхасиби: «Құрмет, бұл ең жоғары дүниеге және нұқсансыз жаратылған нәрсеге жүрекпен қарау, соның арқасында көздің кемпіліксіз жаратылысты көріп жүректің қайран қалуы, ақырында көзді не нәрсеге салсаң, оның саған басқа нәрсені көрсетуі. Бұдан былай әрбір көрген нәрсен жаратушысы бар екенін нұсқай бастайды: жаратылғандар жаратушыны тікелей марифат арқылы тануды бастайды, тіпті адам марифатын кеңайте алады да, осылайша материалдық әлемге нәтижесі мен ақыры тұрғысынан қарайсың... Құрмет шарты – көп ойлану. Танылғанды ойлау тек құрметті ұлғайтады. Құрметтің артуы білімді көбейтегін есікті іздестіреді. Көбейген білім жақын білімдерге жол бастайды... Сіз ақылды болу үшін бар күшінізді салыш тырысыңыз, өйткені Алла тағаланың достары ойланады, ой көзben қарап, танылғанды таниды. Бұл үшін жатталған сөздің мағыналарына еніп, оның Алла тағаланың жақсы көрген не жақсы көрмеген нәрсесін көрсеткенин білу керек. Ашық ғылымның Алла тағаланың иені жақсы көргенін, иені жақсы көрмегеніне қатысты ішкі мағыналарын білуге жеткілікті бола алмайды. Пенде, ашық ғылымнан жасырын ғылымға өткенде, марифат хәлін ішіне алған бұл ғылым, Алла тағаланың өзіне жүктеген міндеттерін орындауға, тыйымдардан ұзақта жүруді керек етеді» [1, 163].

Қазір бұл тақырышта Ғазалидің сөздеріне орын берейік. «Жасырын білімнің илхам нұрының ағысы мен бағыты екенін білесіз. Бұл бағыттың үш түрі бар: Бірінші, барлық ғылымдарға қол жеткізу; екінші, сенімді риязат пен қатал бақылау (Әзіреті Пайғамбар бұл шындыққа «Кім білгенін іске асырса, Алла тағала оған білмегенін мирас етеді» деп ішарат еткен); үшінші, ойлау. Біліп танығанына қанағаттанбаған адам білгенін ой елегінен өткізсе, оған ғайыштың есігі ашылады. Ойланған адам ақылды және илхам иесі ретінде ғалым болыш, оның жүргегіне ғайыш әлемнің кейбір нәрселері білдіріледі... Сыртқы әлемдегі белгілерді көре алған адам – Алла тағала белгілерімен ақылын дамытқан адам. Алғашқысы – сыйдықтардың дөрежесі,

екіншісі – терещ білімге ие болған ғалымдар дәрежесі. Басқасы болмайды» [1, 44].

Ибн Арабидің көзқарастарын келтіреік: «Мушахада (көру, бақылау) машхудтың (көрінісі бар) білінуіне алып барады. Мушахада дәп, таухид дәлелдері арқылы заттарды көруді айтады» [3, 165]. Мукашафа қатысты нәрселер түсініктер болса, мушахадаға заттардың қатысы бар. Бұл жағдайда мушахада атауы бар болмыс үшін болса, мукашафа атаулардың мәні үшін болады. Біздіңде, мукашафа мушахададан да кемел. Мәселен, қозғалыстағы бір болмысты көргеніде, сол қозғалыстагы зат ізденіс арқылы оны «қозғалысқа келтіргенді» табуды қалайды. Мукашафа рухани таным болыш табылады, яғни түсініктерді үгіну деген сөз. Көрінгеніндей, «қозғалыстағының» таным ретінде «қозғалысқа келтірупсі» бар. Бұл жағдайда көрініп таныла алмаған нәрсе ізденіс жолымен танылады. «Білім мукашафасы сенде жоқ нәрсені айқындауда көрінеді. Бұл жағдайда мушахада білімге ашаратын жол болыш табылады. Изденис осы жолдың мақсаты болыш саналады. Яғни білім рухта көрініс табады. Хақ Тағала саған қараң сөйлегенде, Өзінің естілуін қалайды. Есту мушахадасы деген осы. Өйткені, мушахада толығымен сезілетін күшке ие болса, ізденіс рухани күшке ие» [1, 165].

Сошылықтың тән мен рух тазалығын өзіне негіз еткені бірден көзге түседі. Фақр, зухд, уара, халвет, риязат, мужахада, хал, мақам, зікір, тәубе сияқты ахлақ терминдері рухты жетілдіруді мақсат еткен сошының басшылықта алатын принциптері саналады. Тариқат та осы жолдардан ақиқатқа үластиратын әдіс ретінде қарастырылады. Нәпсін тәрбиелеу мен ахлақты көркемдестіру деген не сұрағына келсек, оған нәпсі тәрбиелеудің тәсілі жүрек пен рухты жаман сезімдер мен ойлардан тазартың, хал мен әрекеттерді ахлақ түрғысынан көркейту анықтамасы беріледі. Соны абсолют болмыс саналатын Тәңірмен іштей байланыс құруды көздейді. Бұл жерде бір-бірімен байланыс құрган екі болмыс бар. Алғашқысы, адам болса, екіншісі, Тәңір және олардың араларында онтологиялық іштей айырмашылық бар. Бұл мәселелердің көп ретте болмыс философиясына қатысы бар. Соны абсолюттік болмысқа жету үшін Тәңірді ішпінен сезеді және тыңдайды. Бұл сезім оның Тәңірді тануға тырысуын білдіреді. Нәпсін тазарту арқылы Тәңірге жетуге тырысқан адам алдымен өзін таниды, сосын Тәңірмен құрган байланыстың эпистемологиялық байланысының негізін салады. Осылайша, бұл көзқарастар бізге сошылықтың үш өлшемін береді: біріншісі – ахлақ өлшемі. Екіншісі – болмыс философиясына қатысты өлшем. Үшіншісі – білім мәселесіне назар аудару.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. S.Filiz. Islam Felsefesinde Mistik Bilginin Yeri. İnsan yayınları, İstanbul-1995. 343 s.

Қаратышқанова К. Р. Сонылық білімнің қалыптасуындағы...

2. Введение в философию. В 2 ч. Ч.1 /Под общ.ред И.Т.Фролова.- М.: Политиздат, 1990.-367 с.
3. *NKeklik*. Ibn Arabi'nin Eserleri ve Kaynaklari icin Misdak olarak el-Futuhatu'l-Mekkiye. II-cilt. Bölüm A. Istanbul-1974. 165 s.

REZUME

KARATYSHKANOVA K. (Turkistan) SIGNIFICANCE OF THE FORMATION OF SUFISM KNOWLEDGE

This article examines the comparative analysis of Being of God and I, problem's of sufistic concepts. Religious concepts, such as fakir, fikir, zikir, sabir, zuhud and etc. And including the love for God and reflections about it is logic summing up Koranic concept the other world.